



ПІКІРСАЙЫС КЛУБЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҮЛГІЛІК ЖАРҒЫСЫ *(Жарғы амбебап сипатқа ие және Жарғыға өз мақсаттарыңызға сәйкес қажетті өзгерістер енгізе аласыз)*

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Атауы» пікірсайыс клубы (*бұдан әрі – Клуб*) – оқушылардың заманауи дағдыларын дамытуға бағытталған ерікті бірлестік (қауымдастық). Клубтың негізгі мақсаты – оқушылардың сыни ойлау, өз ойын дәлелді жеткізе білу, көпшілік алдында сөйлеу, топта жұмыс істеу, сондай-ақ мәселелерді талдау және шешім шығару қабілеттерін дамыту. Клуб, клуб мүшелерінің зияткерлік қабілеттерін ғана дамытып қоймай, сонымен қатар қоғам өміріне белсенді әрі жауапты түрде қатысуға дайын, үйлесімді тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

1.2. Клуб өз қызметін еріктілік, ашықтық және өзін-өзі басқару қағидаттарына сүйене отырып жүзеге асырады.

2. МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

2.1. Мақсат пен аудиторияны айқындау

Мақсаты: Клуб мүшелерінің тәрбиесі, білімі және дағдыларын дамытуға арналған пікірсайыс алаңын құру. Келесі деңгейдегі міндет – орта мектепте клуб негізінде ортақ құндылықтар мен заманауи қоғам қағидаттарына сүйенетін белсенді оқушылар қауымдастығын қалыптастыру.

Миссиясы:

Клуб мүшелерінде пікіртсайыстар мен өзге де дамытушы іс-шаралар арқылы өмірлік маңызды қасиеттер мен дағдыларды қалыптастыру, оларды жауапты әрі белсенді қоғам мүшесі ретінде тәрбиелеу.

Міндеттері:

Тәрбиелік:

- Оқушылардың азаматтық жауапкершілігі мен төзімділігін дамыту;
- Өзгелерге және олардың пікірлеріне құрмет сезімін қалыптастыру;
- Адалдық, әділдік және жанашырлық құндылықтарымен тәрбиелеу;
- Заң мен тәртіпке құрметпен қарауға баулу.

Білім беру:

- Функционалдық сауаттылықты арттыру;
- Өзекті тақырыптарды зерттеу және талқылау арқылы білім деңгейін көтеру;
- Өзіндік білім алу дағдыларын дамыту.

Дағдыларды дамыту:

- Командалық жұмыс пен көшбасшылық қабілеттерін нығайту;

- Аналитикалық ойлау және мәселелерді шешу қабілеттерін дамыту;
- Сыни және шығармашылық ойлауды қалыптастыру;
- Стратегиялық жоспарлау және шешім қабылдау дағдыларын үйрету;
- Тиімді коммуникация мен көпшілік алдында сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.

3. ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ҚАҒИДАЛАР

3.1. Мектептегі пікірсайыс қозғалысының негізін жеке тұлға мен азамат ретінде оқушыларды дамытуға бағытталған құндылықтар мен қағидаттар құрайды. Бұл қағидалар тек пікірсайыс клубы мүшелеріне ғана емес, сонымен қатар тәлімгерлерге, ата-аналарға және бүкіл білім беру қауымдастығына да ортақ.

3.2. Құндылықтар

Сыни ойлау. Пікірсайыс барысында оқушылар ақпаратты талдауға, түрлі көзқарастарды бағалауға және дәлелді пікір қалыптастыруға үйренеді.

Өзгелердің пікіріне құрметпен қарау. Қозғалыс мүшелері қарсы тараптың көзқарасын тыңдауға және сыйлауға дағдыланады, бұл өзара құрмет пен ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырады.

Аргумент пен логика. Пікірсайысшылар логикалық жүйелі аргументтер құруды, оларды фактілермен және мысалдармен дәлелдеуді меңгереді.

Азаматтық жауапкершілік. Пікірсайыс әлеуметтік және саяси мәселелерді талқылауға мүмкіндік беріп, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырады.

Командалық жұмыс. Пікірсайыс – топтық өзара әрекеттесудің үлгісі, ол ынтымақтастық пен ортақ мақсатқа жету мәдениетін дамытады.

3.3. Қағидалар

Әділдік. Барлық пікірсайысшылар өз көзқарастарын білдіруде тең мүмкіндікке ие болуы тиіс.

Адалдық. Адалдық – кез келген пікірсайыстағы сенім мен өзара құрметтің негізі. Адалдық пікірсайысшының өз сөзіне жауап беруін, қарсы тараптың пікірін әділ бағалауын және пікірсайыс мәдениетін сақтауды қамтиды.

Ашықтық. Жаңа идеялар мен тәсілдерге ашық болу – жеке және зияткерлік дамудың кілті.

Қолдау мен тәлімгерлік. Тәжірибелі қатысушылар мен жетекшілер жаңадан келген мүшелерге көмек көрсетіп, достық атмосфера қалыптастырады.

Үздіксіз оқу. Пікірсайыс – үздіксіз дамуды талап ететін үдеріс. Пікірсайысшылар өз қателіктерінен сабақ алып, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы керек.

Инклюзивтілік. Клуб қызметі клуб мүшелерінің әлеуметтік жағдайына, жынысына немесе ұлтына қарамастан барлық оқушылар үшін ашық болуы тиіс.

Бұл құндылықтар мен қағидалар жан-жақты дамыған, жауапты және белсенді азаматтарды қалыптастыруға бағытталған. Оларды білім беру үдерісіне енгізу оқушылардың сенімділігін, бастамашылдығын және көшбасшылық қабілеттерін арттырады.

4. ПІКІРСАЙЫС КЛУБЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

(Бөлім мазмұны мектептің ішкі ережелеріне сәйкес толықтырылуы мүмкін.)

4.1. Клуб мүшелігіне пікірсайыс, шешендік өнер және сыни ойлауға қызығушылық танытқан мектеп оқушылары қабылданады.

4.2. Клубқа қабылдау клуб отырысында мүшелердің көпшілік даусымен мақұлданатын өтініш негізінде жүзеге асырылады.

4.3. Клуб мүшелері міндетті:

- Клубтың іс-шараларына белсенді қатысуға;
- Клуб жарғысын және мектептің жалпы ережелерін сақтауға;
- Клубтың оң имиджін мектеп пен қоғам алдында қолдауға.

4.4. Клуб мүшесі келесі жағдайларда клуб қатарынан шығарылуы мүмкін:

- Жарғыны бірнеше рет бұзған жағдайда;
- Клуб қағидаттарына және мектеп тәртібіне қайшы келетін теріс қылықтар жасағанда;
- Өз еркімен шығу туралы өтініш бергенде.

4.5. Клуб мүшелігінен шығаруға қатысты шешім клуб отырысында көпшілік дауыспен қабылданады. Шығарылатын мүше отырысқа қатысып, өз уәжін айтуға құқылы.

5. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Клуб жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Клубтың жоғарғы органы – Құрылтайшылардың Жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі.